

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 76 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 сәуірде № 4188 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына сәйкес, Маңғыстау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Маңғыстау ауданы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "Маңғыстау аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С. Қалиева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Маңғыстау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Махмұтовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау ауданының әкімі

Т. Кушмаганбетов

Маңғыстау ауданы әкімдігінің

2020 жылғы 3 сәуірі № 76

қаулысына қосымша

Маңғыстау ауданы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 28.12.2020 № 475 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақысының мөлшері (теңге)	
	Балабақша (	Мектепке дейінгі		Мектепке дейінгі шағын-орталық (		Мектепке дейінгі

ұйымдарындағы топтар	мемлекеттік/жеке)	шағын-орталық (мемлекеттік/жеке)	Балабақша (мемлекеттік/жеке)	мемлекеттік/жеке)	Балабақша (мемлекеттік/жеке)	шағын-орталық (мемлекеттік/жеке)
1- ден 3-ке дейінгі топтар	560/431	26/32	31810	31116/31810	13130	13130
4- тен 5-ке дейінгі топтар	500/200		31810		13130	
6-дан 7-ге дейінгі топтар	500		31810		13130	
Барлығы	1560/631	26/32	х	х	х	х

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК